Серуен: Серуеннен оралу	**Серуен №6** **Торғайларды бақылау** ***Мақсаты:*** -Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; **Зерттеу жұмысы** Қараңдаршы, балалар,	**Серуен №7** **Жаяу адамдарды бақылау** **Мақсаты**: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.	**Серуен №8** **Итті бақылау** **Мақсаты**: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге	**Серуен №9** **Суды бақылау** **Мақсаты**: Күз мезгіліндегі судың жай –күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. **Зерттеу жұмысы.**	**Серуен №10** **Алғашқы қарды бақылау** **Мақсаты:**табиғат өзгерістерін көре білуге ұйрету, әдемілікті сезіну.

	біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді) Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік. Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды) **Еңбек** Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру **Қ/О:**«Бір, екі, үш-жүкір!» Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.	**Зерттеу жұмысы** Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер? -Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған. **Еңбек** Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. . Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу. **Қ/О:** «Бағдаршам». Мақсаты: -бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту.	дайын болуға тәрбиелеу. **Зерттеу жұмысы** Балаларға сұрақтар. Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы не? Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. **Еңбек**. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. **Қ/О:** «Біз көңілді балалармыз». Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.	Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады. Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою. Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). **Еңбек:** Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. **Қ/О: «Қасқыр қақпан»** Мақсаты: -Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; -Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту**.**	**Зерттеу жұмысы:** Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу. **Еңбек:** Ағаш түптерін қармен жабу. Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекіту. **Қимылды ойын:** «Бір, екі, үш - тез жүгір!» Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамыту.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету.				

Түскі ас	«Ас-адамның арқауы». Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
Ұйқы	Балалардың ұйқысы.				
Ұйқыдан ояту.	**«Ұйқымызды ашайық».**Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын жылы сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.Су жолдармен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас.	Балалардың назарын тағамға аудару.Асымызды асықпай жейміз.				
Вариативтік бөлім		**Вариативтік бөлім «Қызықты логика әлемі»** **Тақырыбы: «** Ойна да ойла» **Мақсаты:**Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын,қысқа,биік,аласа ұғымдарын бекіту, байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту. **ҰОҚ барысы:** **1-тапсырма:** Логикалық тапсырмалар. 1)Қоянның үйі кірпі мен тиіннің үйінің ортасында, Қайссы Тиіннің үйіне алшақ орналасқан кірпі ме,әлде қоян ба?сызба арқылы көрсет. 2)Катя,Ленажәне Оля сурет салды. Катя мен Оля гүлдің сурет салды. Лена ненің суретін салды?		**Вариативтік бөлім** «Мен елімді сүйемін» **Тақырыбы:** «Егін жинау науқаны» **Мақсаты:** Егін туралы түсініктерін кеңейте отырып, оны жинау барысындағы атқарылатын жұмыстармен таныстыру. Еңбек, дәнді дақылдар туралы мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру. **Ұйымдастыру кезеңі** **Қайдан келдің, бауырсақ?** Дастарқанда шашылып, Жатты аппақ бауырсақ. Бауырсаққа	

		3) Костя мен Артем бір этажда тұрады,Рома Артемнан биік тұрады? Кім Коля мен Романнан төмен тұрады. **2-тапсырма** Логикалық есеп 1)Күлшекызға 3 тиін және 7 қоян қонаққа келді. Күлшекызға барлығы неше қонақ келді?2)Қызыл телпек әжесіне 6 тәтті тоқаш және 3 етті тоқаш әкелді.Қызыл телпек барлығы неше тоқаш әкелді?3)Асанда 4 машина, ал Үсенде сонша ұшақ ойыншықтары бар.Балаларда барлығы неше ойыншық бар?4)Кірпі 3 саңырауқұлақ, ал тиін 5 саңырауқұлақ жинады. Олар барлығы неше саңырауқұлақ жинады? Дид ойын: Нешеу екенін анықта? Неше рет алақанын соқса, сонша саны бар карточканы көрсетеді **3-тапсырма** Танграм ойыны , сендер тапсырмаларды өте белсенді орындадыңдар, жарайсыңдар!		қызығып, Қарап тұрды көзін сап: – Қайдан келдің, бауырсақ? – деп сұрады қуыршақ. – Дүкеннен келдім нан сатқан, – деді оған бауырсақ. – Дүкенге келдің қай жақтан? – Наубайдан келдім нан жапқан. – Наубайға келдің қай жақтан? – Диірменнен келдім ұн тартқан. – Диірменге келдің қай жақтан? – Даладан келдім кең жатқан. Жер-анам менің көсілген, Диқандар мені өсірген. Ө.Тұрманжанов**Жұмбақ шешуді ұсынады**. Тіл үйірер дәмі бар, Иісі мұрын жарады, Жасалады бидайдан, Ақ не қара болады.	

		Қорытындылау.		Әкеледі дүкен Дастарқанға қоямыз, Сары майды жағып ап, Рақаттанып тоямыз. (Нан) **Әңгімеге қатысады:** үйімізге нан қайдан келеді? (Дүкеннен). Дүкенге қайдан келеді? (Наубайдан). Наубайханада не істейді? (Нан пісіреді). Нанды неден пісіреді? (Ұннан). Ұнды неден жасайды? (Дәннен). Дән қайдан келеді? (Масақтан). Масақ қайдан келеді? (Егістікте өседі). Қорытындылау.	
Ойындар, дербес әрекет	**Дид.ойын: «Ұлт өкілдерін ата»** Мақсаты: Қазақстанның өзге ұлт өкілдері жайлы,	**«Даусынан таны»** Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата	Сюжетті ойын: **«Дәрігер»** Мақсаты: Өз денсаулықтарына ұқыпты	Дид.ойын: «Қысқы киімдерді құрастыр» Мақсаты. Қыс	Дид.ойын: «Қай жыл мезгілінде ойнайды?» Мақсаты: Әр жыл мезгілінде ойналатын

	түрлі ұлт өкілдерінің татулығы не үшін қажет екендігін жайлы түсінедіру. Өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	білуге дағдыландыру.	қарауға,өзгеге көмек көрсетуге үйрету.Ой-қиялын дамыту.	мезгілінде киетін киімдерді атап айтуға үйрету. Неліктен қыс мезгілінде киілетін киімдер екенін атауды, «қалың-жұқа» ұғымдарының мағынасын түсіндіруді жалғастыру. Киімдерді суретке қарап отырып құрастыруға үйрету. Әр киімнің адамның қай дене мүшесіне киілетінін атауды үйрету.	ойындарды атап, Неге сол мезгілінде ойналатынын айтып түсіндіріу. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Ойыншықтырды сипаттауға үйрету, ойыншықтарына ұқыптылықпен, қарауға тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты)	Денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету,жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету Асланқызы Фатима, Абдулахидұлы Азамат.	Өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға жаттықтыру Хамза,Арсен,Муслима.	Түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіруге үйрету Алихан,Муслима, Айша.	Алақанға салып тік және дөңгелетіп есе білуге жаттықтыру Азамат,Айша.	Көлік құралдарын атауға үйрету Айша.
Балалардың серуенге дайындығы.Серуенге шығу.					
Серуен.	Серуен №10	Серуен №9	Серуен №8	Серуен №7	Серуен №6

Қимылдық ойындар.					
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»	Психолог кеңесі: «Балаңызды қалай еркелетесіз?»сұрағына жауап алу.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелеу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы»	«Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру.
«Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы.					

ЖШС **"Зейінді бала"** балабақшасы

«Құлыншақ» ересек тобының

20.12- 24.12.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:				
Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б)	**Педагог жетекшілігімен ойын. «Жыл мезгілдері»** Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекітеді, мезгілдерді атауларын үйренеді**(**қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылайды 4К моделі , бала үні	**Құрлымдалған ойын. «**Не артық?» **Мақсаты:** Балалар суретке қарап, артық затты тауып, , сипаттама бере алады. 4К моделі, бала үні.	**Құрлымдалған ойын:**«Көп және біреу» **Ойынның мақсаты:** көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні.	**Пед жет ойын:** «Тату-тәтті отбасы» **Ойын мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді 4К моделі, бала үні.	**Құрлымдалған ойын:** Кеңістікті бағдарлау. **Мақсаты:** балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. 4К моделі, бала үні
Таңертеңгі гимнастика 5мин	**Жаттығулар кешені : Желтоқсан айы 4-апта** **І.Ұйымдастыру бөлімі** Сапта жүру, жеңіл жүгіру. Қолдарын беліне қойып аяқтың ұшымен жүру. Қатарға тұру. **ІІ. Жалпы дамыту жаттығулар** 1. «Қуыршақтар билеп жүр». Қолдарын жандарына созу, «ох»-деп төмен түсіру (5 рет). 2. «Қуыршақтар иіледі. Алға еңкейіп қолдарын артқа жіберу, түзеліп тұру. (5 рет) 3. «Қуыршақтар теңселеді». Оңға(солға) қисаю,б.қ. келу (6 рет) 4. «Секіру» Бір орында екі аяқпен 8 рет секіріп жүру, қайта секіру (5 рет) **ІІІ.Қорытынды бөлім.** Қатардан сапқа тұру. Жеңіл жүгіру. Саппен жүру.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отырады, тамақтанады, асхана құралдарын дұрыс ұстайды мәдениетін қалыптастырады және сақтайды . Әдептілік ережелерін түсіндіреді.				

	Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.				
Ойындар.(ҰОҚ) дайындық.	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды. Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындайды.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	**1.Құрастыру** **Тақырыбы:**Достық үйі **Мақсаты**:Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы түсінеді. **Ресурстар:** құрылыс материалдары **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралау, жаппай бақылау. Галерия шарлау әдісі **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** **Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықтарын ояту**.«Үйшік» ертегісінің кейіпкерлері келеді. Біздің ормандағы үйіміз бұзылып қалды.Бізге сендердің көмектерің керек болып тұр.Бізге жаңадан үй салуға көмектесесіңдер ма?Сыни ойлау. Бала үні.	**1.Жаратылыс тану** **Тақырыбы:** Мен табиғатты бақылай аламын ба? **Мақсаты:** «Бақылау» ұғымын түсіне отырып, жанды табиғат, оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлерін біледі Ресурс: Хат, ақ көгершін, АҚТ тех.Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылайды. **ҰОҚ жүргізілу барысы**: **Ғажайып сәт:**Ақ көгершін ұшып келеді. Сәлеметсіз бе балалар? Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар! Бала үні. Табиғат ананың хатын оқу. Сәлеметсіз бе	**1.Көркем әдебиет**. **Тақырыбы:** «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың **Мақсаты:**Өлеңді зейін қойып,тыңдауды біледі.Туған жерлерін сүюді, құрметтеуді біледі**.** **Ресурстар**: Менің өлкем альбомы **Әдіс-тәсілі:** 4К**,** бала үні, Айтылым, Тыңдалым, Бір қадам әдісі **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** Ой дамыту. Суретпен жұмыс Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимараттардың суреттерін іліп,балалардың назарларын суретке	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Біз тұратын ауыл» Сурет бойынша әңгіме құрау **Мақсаты:**Тұратын ауылдары жайында біледі. Туған жерлерін сүюді, құрметтеуді біледі**.** **Ресурстар**: Ауыл суреттері. **Әдіс-тәсілі:** 4К**,** бала үні, Айтылым, Тыңдалым, Бір қадам әдісі **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** Ой дамыту. Суретпен жұмыс Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимараттардың суреттерін іліп,балалардың	**1.Математика негіздері** **Тақырыбы:** Кеңістікті бағдарлау.Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы **Мақсаты:** Кеңістіктік қатынастар (сол жағында,оң жағында,үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарды біледі. **Ресурстар**:пішіндер,1-4 дейін цифр, ойыншықтар **Әдіс-тәсілі:** 4К**,** бала үні, сыни ойлайды. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** **Құрылымдалған ойын.** «Цифрды тап» Үстелге 1-ден 4-ге

	Балалар көмектесетіндерін айтады. **«Топтастыру» әдісі** 1- Тышқан тобы. 2-Қоян тобы 3-Түлкі тобы. **«Тышқан»** тобындағы балалар «**Дьенеш»** блоктарынан үй құрастырады. «**Қоян**» тобындағы балалар «**Пазл»** арқылы үй құрастырады. **«Түлкі**» тобындағы балалар **«Ағаш»** таяқшаларынан үй құрастырады.Сыни ойлау. Командада жұмыс Бақылау: жаппай, тікелей Креативтік. Бала үні **Сергіту сәті**: (Заряд алу әдісі) Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ, Беске бесті қосқанда Болады екен оң саусақ. Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары. Жеке жұмыс:	балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келіп хат жолдадым, өзімде аз уақыттан соң барамын**.** Табиғат ананың тапсырмасын орындайды.Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. **Ой дамыту.** Балалар табиғат дегеніміз не? Табиғат нешеге бөлінеді?Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде? Сыни ойлау, бала үні **Ой қозғау** **Пед жет ойын:** **«**Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу.Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту. Судағы жәндіктерге қалай	аударып, сұрақтар қою.Мына суреттер сендерге таныс па?Біз тұратын ауыл қалай аталады?Сыни ойлайды, тыңдалым, айтылым..Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру**.** **Туған өлке** Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу,неткен көркем, Осы менің туған өлкем!Бір қадам әдісі арқылы жаттау. **Ой қозғайды.:-** Балалар,өлең ұнады ма? Не туралы жазылған?Жетелеуші сұрақтар**.**Мадақтайды **Сергіту сәті. (**Заряд алу әдісі) Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып	назарларын суретке аударып, сұрақтар қою.Мына суреттер сендерге таныс па?Біз тұратын ауыл қалай аталады?Сыни ойлайды, тыңдалым, айтылым.. **Ой қозғайды.** Жетелеуші сұрақтар**.**Мадақтайды **Сергіту сәті. (**Заряд алу әдісі) Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып Бой сергітіп алайық. **Құрылымдалған ойын**«Бөлшектерді құрастыр» Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.Бақылау : Жаппай, тікелей. Қорытынды. Кері байланыс. Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Не туралы әңгімелестік? Туған жер дегеніміз	дейінгі сандарды орналастыру.. Содан соң балаларды кезек-кезек тақтаға шақырып сандарды алып, ретімен қою керек. **Қызығушылықтарын ояту.Өлең оқу.** Аппақ,аппақ,жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан.Тыңдалым Балалар, өлеңде не туралы айтылады? Балалар мұқият тыңдайды және сұраққа жауап береді:Қар туралы.Балаларды мадақтайды .Балалар қардың артында тапсымалар бар екен,орындаймыз ба? **Ой қозғау.** **1-тапсырма**: Қағаздың жоғарысына дөңгелекті, төменіне үшбұрышты, оң жақ

	Қорытынды жасау .Галерея шарлау әдісі Балалар бір-бірін бағалайды. Қонаққа кімдер келді?Біз оларға қалай көмектестік? Қандай үйлердің түрлерін білесіңдер? Досымыз көп болу үшін қандай болуымыз керек Ашық сұрақтар Бала үні. Коммуникативтік дамытады. Балаларды мадақтайды. **2.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:**Тез жаттығайық **Мақсаты:**Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі. **Ресурстар:** гимнастикалық орындық, кубик **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала	көмектесеміз?Құстарға қалай көмектесеміз? Бала үні, өнім арқылы саралау.. Ширату.«Құм, тас, су».Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отырады.«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалады.Су дегенде толқын жасап қалады. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралайды Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылайды **Құрлымдалған ойын:** «Өлі және тірі табиғат» Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бойайды Креативтілік, бала үні Балаларды мадақтайды**.** **2.Музыка.** **Тақырыбы:** «Көңілді мереке» **Мақсаты:**1.Музыканың көңілді би сипатын қабылдап кіріспесін ажыратады, сипатына сай қимылдарды ауыстырып билейді, ойындарды есте сақтайды. 2.Әннің мәтініне сәйкес	Бой сергітіп алайық. **Құрылымдалған ойын**«Бөлшектерді құрастыр» Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.Бақылау : Жаппай, тікелей.Қорытынды. Кері байланыс Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.Не туралы әңгімелестік? Туған жер дегеніміз не? -Біздің аулымыз қалай аталады?Бала үні. Жетелеуші сұрақтар.Бақылайды Балаларды мадақтайды **2. Жапсыру.** **Тақырыбы:**Достық үйі **Мақсаты**:Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы түсінеді. **Ресурстар:** дид. материалдар **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс,	не? -Біздің аулымыз қалай аталады?Бала үні. Жетелеуші сұрақтар.Бақылайды Балаларды мадақтайды **2.Дене шынықтыру** Таза ауада **Тақырыбы:**Тез қимылда **Мақсаты :**Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол –аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі. **Ресурстар:** гимнастикалық орындық, кубик **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралайды, бақылайды. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** 1.Сәлемдеседі	бұрышына шаршыны,сол жақ бұрышына сопақшаны орналастырыңдар.Бала үні. Тікелей бақылайды .Балаларды мадақтайды. **2-тапсырма** :«Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар?» Кім тез айтады? Бала үні. Тікелей бақылайды **Сергіту сәті. (**Заряд алу әдісі) Оң қолымда бес саусақ Сол қолымды бес саусақ Қосссақ егер екеуін Болады екен он саусақ. **3-тапсырма.** **Құрылымдалған ойын.** «Сөредегі ойыншықтар» ойыншықтардың қай жерде орналасқанын айтады.Қане, доп қай жерде тұр?-Ол ненің қасында тұр?Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр?

	үні, саралайды, бақылайды. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** 1.Сәлемдеседі 2. Шеңбермен жүреді Тәрбиешінің артынан жүреді, жүгіреді **«Топтастыру» әдісі** **4 қатарға сапқа тұру** **Жалпы даму жаттығулары. Құралсыз** 1.Аяқты алшақ қою, қол төменде, қолды жанына созады, түсіру, бастапқы қалып. 2. Етпеттен жетеді. Қайықтар суда жүзеді. 3. Шалқадан жатады Велосипиед тебеміз 4.Аяқты созып отыру, қолды тіреу,тізені көтеріп, ішті тартады. 5. Қолды белге қойып, екі аяқпен секіру, бір орнында тұрып жүру, қайта секіреді. **Тыныс алу жаттығулары:** Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығарады.	дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажыратады. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертіп, шапшаңдық пен икемділік танытады. **Ресурстар:** дид материал **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралайды, бақылайды. **Пед. жет.ойын**: Музыка тыңдау:**:** ««Аяз ата» С.Мұқамеджанов Ән үйрену: «Ақшақар мен балалар» А.Досмағамбет, Ырғақты қимыл: «Ұлпа қарлар» Еркін ойын: «Тентек қояндар»	бала үні, саралау, жаппай бақылау. Галерия шарлау әдісі **Ұйымдастыру кезеңі.** Қызығушылықтарын ояту.«Үйшік» ертегісінің кейіпкерлері келеді. Біздің ормандағы үйіміз бұзылып қалды.Бізге сендердің көмектерің керек болып тұр.Бізге жаңадан үй салуға көмектесесіңдер ма?Сыни ойлау. Бала үні. Балалар көмектесетіндерін айтады. **«Топтастыру» әдісі** 1- Тышқан тобы. 2-Қоян тобы 3-Түлкі тобы. **«Тышқан»** тобындағы балалар үй жапсырады. **«Қоян»** тобындағы балалар **«Пазл»** арқылы үй құрастырады. **«Түлкі»** тобындағы	2. Шеңбермен жүреді Тәрбиешінің артынан жүреді, жүгіреді **«Топтастыру» әдісі** **4 қатарға сапқа тұру** **Жалпы даму жаттығу-лары.** 1.Аяқты алшақ қою, қол төменде, қолды жанына созады, түсіру, бастапқы қалып. 2. Етпеттен жетеді. Қайықтар суда жүзеді. 3. Шалқадан жатады Велосипиед тебеміз 4.Аяқты созып отыру, қолды тіреу,тізені көтеріп, ішті тартады. 5. Қолды белге қойып, екі аяқпен секіру, бір орнында тұрып жүру, қайта секіреді. **Тыныс алу жаттығулары:** Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді саралау: өнім арқылы. Бақылау:	т,б.Бақылау: Жаппай, тікелей, жанама **4-тапсырма.** Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды? Сұрақтар қою. - Қай сурет дөңгелекке ұқсайды? - Шырша қандай пішінге ұқсайды? т.б **Ашық сұрақтар** Қорытынды. Кері байланыс Жетелеуші сұрақтар.Балалар қандай тапсырмалар орындадық?Балаларды мадақтау. **2.Сурет салу** **Тақырыбы:**Достық үйі **Мақсаты**:Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы түсінеді. **Ресурстар:** дид. материалдар **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралау, жаппай бақылау.

	Бастапқы қалыпқа келеді саралау: өнім арқылы. Бақылау: жанама, жаппай, тікелей **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**1.Гимнастикалық орындық үстінен ішімен тартылып жүреді. 2.Кубиктің арасынан жыланша жүреді.Бақылау: Тікелей **Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»** Ойын шартымен таныстырады **Қорытынды:** Кері байланыс. Бала үні Балаларды мадақтайды		балалар **«Ағаш»** таяқшаларынан үй құрастырады. Сыни ойлау. Командада жұмыс Бақылау: жаппай, тікелей Креативтік. Бала үні **Сергіту сәті**: (Заряд алу әдісі) Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ, Беске бесті қосқанда Болады екен оң саусақ. Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары. Жеке жұмыс: Қорытынды жасау .Галерея шарлау әдісі Балалар бір-бірін бағалайды. Қонаққа кімдер келді?Біз оларға қалай көмектестік? Қандай үйлердің түрлерін білесіңдер? Досымыз көп болу үшін қандай	жанама, жаппай, тікелей **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**1.Гимнастикалық орындық үстінен ішімен тартылып жүреді. 2.Кубиктің арасынан жыланша жүреді.Бақылау: Тікелей **Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»** Ойын шартымен таныстырады **Қорытынды:** Кері байланыс. Бала үні Балаларды мадақтайды	Галерия шарлау әдісі **Ұйымдастыру кезеңі.** Қызығушылықтарын ояту.«Үйшік» ертегісінің кейіпкерлері келеді. Біздің ормандағы үйіміз бұзылып қалды.Бізге сендердің көмектерің керек болып тұр.Бізге жаңадан үй салуға көмектесесіңдер ма?Сыни ойлау. Бала үні. Балалар көмектесетіндерін айтады. **«Топтастыру» әдісі** 1- Тышқан тобы. 2-Қоян тобы 3-Түлкі тобы. **«Тышқан»** тобындағы балалар үй салады. «**Қоян**» тобындағы балалар **«Пазл»** арқылы үй құрастырады. **«Түлкі**» тобындағы балалар **«Ағаш»** таяқшаларынан үй құрастырады.

			болуымыз керек Ашық сұрақтар Бала үні. Коммуникативтік дамытады. Балаларды мадақтайды. **3.Дене шынықтыру** **Тақырыбы**: Жылдам секір **Мақсаты:** Еденде жатқан заттан секіреді Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп барады Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттырады, Жолмен жалаушаға дейін еңбектейді. **Ресурстар**:заттар **Әдіс-тәсілі:** 4К**,** бала үні, Бақылайды **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** Балалармен амандасады.Қозғалмалы бой жазу жаттығулары - Қолды жоғары ұстап аяқ ұшымен жүреді. - Екі қол белде		Сыни ойлау. Командада жұмыс Бақылау: жаппай, тікелей Креативтік. Бала үні **Сергіту сәті**: (Заряд алу әдісі) Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ, Беске бесті қосқанда Болады екен оң саусақ. Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары. Жеке жұмыс: Қорытынды жасау .Галерея шарлау әдісі Балалар бір-бірін бағалайды. Қонаққа кімдер келді?Біз оларға қалай көмектестік? Қандай үйлердің түрлерін білесіңдер? Досымыз көп болу үшін қандай болуымыз керек .Ашық сұрақтар Бала үні. Коммуникативтік дамытады. Балаларды

			өкшемен жүреді - Екі қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүреді. - Бір қалыпты жеңіл жүгіреді.Сапқа тұрады. 4 колонна тұру. **Жалпы даму жаттығулары:** **1.«Торғай ұшты»**Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұрады **5-6р** **2.«Баспалдақ»** Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 рет **3. «Арқан созу»** Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созамыз. 3-4		мадақтайды. **3.Музыка.** **Тақырыбы:**Әуендер **Мақсаты:**Түрлі характердегі (мажорлы, минорлы, ашушаң, т.б.) әуендерді бір-бірінен ажыратуға, оларды қабылдауға үйрету. Түрлі әуендегі музыкаға сай еркін қимылдауға дағдыландыру. Ойын әрекеттерінде еркіндік с езімдеріне рұқсат беру. **Ресурстар:** дид материал **Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралайды, бақылайды. Муз. «Детский марш» П.ЧайковскийМуз.амандасу жат.: «Сәлем деймін бәріңе !Шат.шеңбері: «Қайырлы таң!» **д\о**: «Көңіл-күй» **е\о**: «Үш түрлі бұлт» Бала үні

			қимылды керісінше жасайды. /6 рет қайталау/ **4. «Гүлдің ашылуы»** Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созамыз (6-рет қайталайды.) **5. «Тырна»**Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіреді. Сол аяқты /10-15секунд/ **Тыныс алу жаттығулары:** мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан демді шығарады. Бақылау: Жаппай, тікелей, жанама **Қимылды ойын: «ұшақтар»** Ойын шартымен таныстырады **Қорытынды.**Бала үні**.**Балаларды мадақтайды		

Серуен: Серуеннен оралу	**Серуен №6** **Аула тазалаушы еңбегін бақылау** **Мақсаты**: — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ♦Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? ♦Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек **Еңбек** Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. **Мақсаты:** — бірлесе жұмыс істеуге үйрету; — еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Екі аяз» **Мақсаты** жүкіруге жаттықтыру; 4К моделі,бала үні.	**Серуен №7** **Ауладағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты**: — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. **Зерттеу жұмысы:** Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. **Еңбек** Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. **Қимылды ойын** «Аулада қандай ағаштар өседі?». Мақсаты: — Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; — Сөздік қорларын байыту; — Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. 4К моделі,бала үні.	**Серуен №8** **Қара қарғаны бақылау** — Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; — Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). **Бақылау барысы** **Көркем сөз Құстар қыста тоңады** Ө. Ақыпбеков **Мақсаты:** Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. **Еңбек** Алаңды қардан тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу **Қимылды ойын:** «Бәйге». Мақсаты: жүкіру жылдамдығын,ептілігін, қызығушылығын дамыту. 4К моделі,бала үні.	**Серуен №9** **Желді бақылау** **Мақсаты**: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Үйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. **Еңбек** Сырғанақ төбешік соғу Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «ең мерген кім?». Мақсаты: — Заттарды лақтыруға жаттықтыру; — Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. «Ағаш суретін сал». 4К моделі,бала үні.	**Серуен №10** **Көпшілік көліктерін бақылау** **Мақсаты**: — көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; —үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Балалармен әңгімелесу өткізу.** ♦ сеңдер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер? ♦Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? (аялдама.) ♦Автобусқа қай есіктен міну керек? (алдыңғы) ♦Қай есіктен шығу керек?? (артқы) ♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? (жасыл) **Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. **Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар». — Мақсаты: Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу 4К моделі,бала үні.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету.				

Түскі ас	«Ас-адамның арқауы». Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
Тәтті ұйқы	Балалардың ұйқысы.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні	Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні	Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні	Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні	Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні
Ұйқыдан ояту.	**«Ұйқымызды ашайық».**Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын жылы сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.Су жолдармен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас.	Балалардың назарын тағамға аудару.Асымызды асықпай жейміз.				
Вариативтік бөлім		**Вариативтік бөлім «Қызықты логика әлемі»** **Сабақтың тақырыбы:** Хайуанаттар бағындағы қызықтар **Сабақтың мақсаты:** Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтай алады. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыта алады.. Ресурстар:көрнекіліктер.Ә		**Вариативтік бөлім «Мен елімді сүйемін»** **Тақырыбы: «Қазақ батырлары»** **Мақсаты**: Қазақ батырларымен таныса отырып, батырлар ерлігі туралы қысқаша әңгімелеу. Қанжығалы Бөгенбай 1680-1778 жылдар арасында өмір сүрген. Ол әрі шешен, әрі батыр, қолбасшы болған.	

		діс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау, командамен жұмыс Логикалық тапсырма: Қайсысы қай баспанада тұрады? Дидак ойын :хайуанаттар бағына саяхатқа 1-тапсырма:Балаларды сызық арқылы хайуанаттар бағына жеткіз 2-тапсырма: Адасқан түлкі мен аюды шыршаға жеткіз. -Ең биік үйде керік тұрады, -ортаншы үйде елік тұрады, -ең кіші үйде қоян тұрады. -Хайуанаттардың қай баспанада тұратынын сызба арқылы белгілейді. -балаларды хайуанаттар бағына сызық арқылы жеткізеді. - суреттегі жануарларды салыстырады. -Піл,Құрбақа,Керік барлығынан үлкен -барлық ойыншықтарды атап, салыстырады,		Қабанбай батыр 1692-1770 жылдары өмір сүрген. Ол тамаша тапқыр, асқан айлакер, ұрыстарда жол бастаған . Наурызбай батыр 1706-1781 жылдары өмір сүрген. Райымбек батыр 1705-1785 жылдары өмір сүрген. Қарасай батыр 1589-1671 жылдары өмір сүрген .Бұл батырларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғаған батырлар болған.	

		-тапқан суретті түсті сызбамен көрсетеді, -түлкі мен аюды сызық арқылы өз шыршасына жеткізеді. Рефлекстік түзету Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, хайуанаттар қайда тұрады? Хайуанаттар бағында ұнаған жануарды ата?Ұнаған жануарды көрсет? Қорытынды.Сыни ойлау, бала үні.			
Ойындар, дербес әрекет	**Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты**: Жемістер мен көкөністер туралы түсінеді. Олардың айырмашылықтарын айта біледі. Бала үні 4 К моделі	**Құрлымдалған ойын**:«Көп және біреу» **Ойынның мақсаты:** көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні.	**«Айырмашылығын тап»** **Мақсаты**: Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі. өз ойын айту , досының жауабын тыңдай білуді үйренеді. Бала үні 4 К моделі	**Құрлымдалған ойын:** Кеңістікті бағдарлау. **Мақсаты:** балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. 4К моделі, бала үні.	**Құрлымдалған ойын:**«Жол картасын бейнеле» **Ойынның мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді 4К моделі , бала үні
Баланың жеке даму картасына	Зат есімдер мен көмекші сөздерді қолдануға үйрету	Күрделі емес сюжеттік композициялар	Құрылыс материалдарының	Түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана	Пішіндерді атауға ,түсі және көлемі бойынша

сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты)	Фатима,Хамза,Арсен.	құрастыруға үйрету Мүслима, Жанел Қолғанат	бөліктерін атауға,оларды түрлі тәсілдермен орналастыруға үйрету Мадина,Арсен,Илхам	отырып,қағаз парағын түрлендіруге үйрету. Азамат ,Арсен	ажыратуға үйрету Райлана, Надир.
Балалардың серуенге дайындығы.Серуенге шығу.					
Серуен.	**Серуен №6**	**Серуен №7**	**Серуен №8**	**Серуен №9**	**Серуен №10**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелеседі	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелеседі	«Бала денсаулығының маңыздылығы» ата-аналарға арналған кеңестер	Балабақшадағы ас мәзірі	«Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру.
«Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы.					

ЖШС **"Зейінді бала"** балабақшасы

«Құлыншақ» ересек тобының

05 .01- 06.01.2022 жыл аралығына арналған циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:				
Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б)	**«Сиқырлы қарындаш»** Мақсаты:Балаларды бояғыштарды дұрыс бояуға үйрету.Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	**Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері».** «Шалқан» Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету.		**«Қуыршақтарға үй құрастырамыз»** Мақсаты:Балаларды жан-жақты болуға үйрету.Баланың байқампаздығы мен тілін дамыту.Еңбекке тәрбиелеу.	**«Суреттегі домино»** Мақсаты:Балаларды суретерге қарап домино құрастыруға үйрету.
Таңертеңгі гимнастика 5мин	**Жаттығулар кешені : қаңтар айы І-апта** **І.Ұйымдастыру бөлімі** Сапта жүру, жеңіл жүгіру.Тәрбиешінің артынан жыланша жүру.Қатарға тұру. **ІІ.Жалпыдамытужаттығулар** 1.Б.қ:«Құрсау жоғарда» Құрсауды жоғары көтеріп оған қарап төмен түсіру (5 рет). 2..Б.қ:«Құрсауды еденге қой»Алға еңкейіп құрсауды еденге қою,тұру,еңкейіп құрсауды еденнен алу (4 рет қайталау) 3. Б.қ: «Жан жаққа бұрылы» Оң жаққа бұрылу б.қ, келу Сол жаққа бұрылу б.қ. келу (6 рет қайталау.) 4.Б.қ:»Отырып,тұру.Отырып,құрсаудыеденгеқою»б.қ.келу(5-рет) 5.Б.қ«Құрсаудылда»Құрсаудыалғасозыптүсіру(5рет) **ІІІ.Қорытындыбөлім** Қатардан сапқа тұру.Жеңіл жүгіру.Саппен жүру.				
Таңғы ас	Ойын-жаттығуы: Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз. Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз.				

Ойындар. (ҰОҚ) дайындық.			**Дид.ойын:«Үй құстарын ата»** Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Үй құстарына деген қамқорлық сезімін ояту. Табиғаттың жаршысы - құстарды, қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.	**Дидактикалық ойын: «Тура,кері сана»** Мақсаты: Сандарды ретімен,кері санауға үйрету.Балалардың ой-өрісін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу.	**Дид.ойын: «Мамандықтарды ата»** Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
	«Миға шабуыл» әдісі -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Қыста күн қандай болады? **Әнуарбек Дүйсенбиев** аталарыңның **«Қыс»** өлеңін айтып орманға барайық. Аппақ, аппақ жапалақтап, Қар жауады тынбастан.			**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Аязатаны біз қалай қарсы алдық? (Өз тәжірибесінен әңгімелеу) **Мақсаты:** Балалар жаңа жыл мерекесі жайлы түсіндіре алады. **«Миға шабуыл»** әдісі. **Жұмбақ жасыру:** Аяз ата қай кезде келеді?Не үшін келеді?	**1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласы бөлімі:** Математика негіздері **Тақырыбы:** 4 саны мен цифры. Үлкен – кішкентай. **Мақсаты:** 4 цифрымен таныстыру; заттардың шамасы, бөлімі бойынша алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; зейіндерін дамыту.

	Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Кең пейілді, мол мейірлі, Сағынышпен табысқан. О, алақай, Аяз ата, Келе жатыр алыстан! Кел билейік, үйренейік, Ол келгенше жаңа жыр. Қ ұтты болсын, құтты болсын, Құтты болсын жаңа жыл. **П/Ж ойыны: «Артығын тап».** Шарты: Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. **Қ/О: «Тез жет»** Шарты:**Ә.Дүйсенбиев** « Қыс» өлеңін «4 қадам «тәсілі арқылы жаттау. **Е/О: «Жатқа айт»** Балалар тақпақты жатқа айтады. Қорытынды.Сыни ойлау, бала үні.			**П/Жойын:«Шыршаны безендірейік»** Шарты: Балалар шыршаны безендіру арқылы дөңгелектерді жапсырады. **Қ/О: «Аққала мен шыршаны құрастыр»** Шарты:әр топ пішіндерді атап,сәйкестендіреді.(жарыстыру әдісі) **Е/О: «Аяз ата»** Берілген ресурстарды алып,рөлге бөлініп ойнайды. **2.Білім беру саласы:**Денсаулық **Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру **Тақырыбы:** «Достармен ойнау» **(таза ауада)** **Мақсаты:** нысанаға дәлдеп лақтыру және ұзындыққа секіру	Міндеттері: математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу; 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру; нүкте бойымен 4 цифрын бастырып салуды үйрену; өзге цифрлардың арасынан 4 санын табу; «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету; көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету; тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! **1. Ұйымдастыру кезеңі.** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:** Әйгерім өз себетіне, Үш саңырауқұлақ салды. Қарап жүрмей тағы да,

				дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: текшені көлденең нысанаға қолды екпінді түрде түзету арқылы лақтыруға үйрету, көз мөлшерін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде дұрыс бастапқы қалыпты бекіту, қолдың төмен-алға қарай қозғалысын аяқтың итерілуімен үйлестіре орындау. Ептілікті, төзімділікті, қиялын дамыту. Мейірімділік пен толеранттылыққа тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **I. Ұйымдастыру кезеңі.** Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің балаларға епті болуға көмектесетінін айтады. **II. Негізгі кезең.**	Тал қасынан біреуін алды. Жоғалтпайық уақытты, Бізге тек санау ғана қалды. **Негізгі кезең.** **1-тапсырма**. Тәрбиеші суретте неше саңырауқұлақ болса, жолақ ішіне сонша дөңгелек салуды тапсырады. Содан соң сұрақ қояды: – Неше дөңгелек салдыңдар? – Неліктен? **2-тапсырма**. Тәрбиеші өлең оқып береді: Білек күші тасыған, Төрт күрескер ағаң. Қолын қойып беліне, Шаршамайды ешқашан. Тәрбиеші балаларға 4 цифрының сандар қатарындағы орнын анықтап, сол сан нешені білдірсе, сонша моншақ бояуды тапсырады. **3-тапсырма.** Содан соң өзге цифрлардың арасындағы төрт

				Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бір-бірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. **Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау** (массаж жасайтын төсенішпен) 1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз. П.: қолды алға, кеуденің деңгейіне, жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз. 2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз. П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз. 3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз.	цифрларын тауып, оларды қоршап шығуды тапсырады. **Сергіту сәті.** Бір, екі, үш, төрт, Жиналамыз бәріміз. Бір, екі, үш, төрт, Секіреміз бәріміз. Бір, екі, үш, төрт, Отырамыз бәріміз. **4-тапсырма.** Балалар 1-қатарда неше киіз үй тұрғанын санайды, содан соң олардың көлеміне назар аударады. Осылайша 3-қатардағы суретке де талдау жасайды. Балалар суреттің орналасу заңдылығын анықтағаннан кейін, тәрбиеші екінші қатардағы балықтарды қалай салу керектігін сұрайды. **5-тапсырма.** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Мені қардан жасапты, Ойланып көр. Қолым – таяқ, Мұрным – сәбіз, Көзім – көмір. Тәрбиеші балаларға бір қарағанда бір-бірінен аумайтын,

				П: алға қарай еңкейеміз (солға). 4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз. П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз. 5. Б.қ.: аяқтарымыз ды қосып, қолымызды белге қоямыз. П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын** түрінде лек-лекпен орындау, балалардың назарын тапсырманы орындағанда арақашықтықтарын сақтауға аударады. Төсеніштердің арасымен «жыланша иреленděп» жүру, жүгіру. Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату. Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады	бірақ айырмашылықтары бар аққалаларды көрсетеді. Содан соң қанша айырмашылық тапса, сонша шеңберді бояуға тапсырма береді. Егер тапсырма дұрыс орындалған болса, төрт дөңгелек боялуы шарт. **Қорытындылау.** Сәуленің себетінде неше саңырауқұлақ бар екен? – Сендер қандай цифрмен таныстыңдар? Тәрбиеші балаларды мадақтайды. **2.Білім беру саласы**: Шығармашылық **Білім беру саласының бөлімі:** Сурет салу **Тақырыбы: «** Ақша қар» (заттық сурет салу) **Мақсаты:**Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу,бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алу.Қардың ерекшеліктері

				(қол моторикасын дамыту). **Спорттық жаттығулар** **Үш дөңгелекті велосипед тебу.** «Кім тезірек келеді». Тәрбиеші тәрбиеленушілерге қашықтықты барынша тезірек жүріп өтуді ұсынады. Велосипедпен бұрылуды орындауға және қозғалыс бағытын сақтауға баса назар аударады. Жүрер алдында велосипедке дұрыс отыру және түсу білігіне назар аударады. Қажет болған жағдайда жеке-дара көмек көрсетеді. **«Орныңды тап!»** (массаж жасайтын төсеніштер). Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу.	жайында түсініктерін қалыптастыру.Суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету.Әсемдікке тәрбиелеу **ҰОҚ барысы:** **Шаттық шеңбері:** Шеңбер болып тұрайық. Алақанды ашайық. Күннен жылу алайық, Жүрекке жылу салайық. Жиналған жылы шуақты, Бір бірімізге сыйлайық. Тәрбиеші балалармен бірлесіп қарды зерттеп, түстерін анықтайды. (жұлдызшаға ұқсайды, жылтыр жылтырайды, ақ, ақ сұр, ақша қар, аппақ)Қардың қандай екенін сұрайды.. Қарды ұстап көреді. Еритінін, суға айналатынын, мұз болатынын анықтайды. **Жұмбақ жасыру:** Аппақ-аппақ көбелек, Жерге қонар көлбеңдеп.

				III. Қорытынды кезең. **Тәрбиеші тақпақ айтып береді:** Денсаулық ол – шыныққан Барлық дене мүшесі. Денсаулық ол – тыныққан Жүйке тамыр жүйесі. Денсаулық ол – күлуің Көңіл күйің жадырай, Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай.	Ақ жұлдызша себелеп, Ұстатпайды, не керек? Тәрбиеші балалардың көңілін жауып тұрған қарға аударады. **Сергіту сәті:** Әппақ, әппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр далада. Әппақ дала, барлық бала, Қуанып жүр далада. Қазір барлығымыз суретшіге айналып, осындай әдемі қардың суретін қылқаламның тек ұшымен жеңіл сызықтар жүргізу арқылы саламыз. Ең бірінші, әртүрлі бейнедегі бұлттар саламыз. Ол үшін сызықтарды анық етіп басып сызып салу керек. Қарды салғанда оңнан солға қарай сынық, түзу сынық салу қажет, дәл ортасынан түзу сызық түсіреміз, сызықтар бірдей болу керек. Ол үшін қысқа сызықтарды санай отырып сызамыз. **Қорытындылау.Мадақтау.**

					Тәрбиеші балалардан қандай мереке жақындап келе жатқанын сұрайды. -Балалар, бүгін суретті бәрін жақсы, әдемі салдыңдар. Жаңа жылда Аязата келгенде осы суреттерді көрсетеміз. Балалар өздері салған суреттері жайлы әңгімелейді. **3.Білім беру саласы**: Шығармашылық **Білім беру саласының бөлімі:** Музыка **Тақырыбы**:«Менің бірінші Президентім» **Мақсаты:** Отанға,Отанының көз тартарлық жерлеріне деген қызығушылық, мақтаныш, құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Әуенің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді,ашық орындауға үйрету. Туған жеріне,қаласына

					сүйіспеншілік сезімін ояту. **ҰОҚ барысы:** Муз. «Марш» Жаттығу: «Галоп» Муз.амандасу жат.: «Ты шагай!» Дау.жат: «Ми-и-а-а-ми» Ән тыңдау: «Елбасы» Ән айту: «Елбасы-ел бағы» Дид ойын: «Жіп орау»
Серуен: Серуеннен оралу	**Серуен №1** **Маусымдық өзгерістерді бақылау** **Мақсаты:** -Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); **Зерттеу жұмысы** ♦желтоқсан айы қай айдан соң келеді? ♦қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды? ♦Құз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай	**Серуен №2** **Бақшаны бақылау** **Мақсаты**: -қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; **Зерттеу жұмысы** Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу.. **Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету; — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қимылды ойындар:** «Қу түлкі».		**Серуен №4** **Қардың түсуін бақылау** **Мақсаты**: - Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; **Зерттеу жұмысы** Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық). **Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен	**Серуен №5** **Ауладағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты** : -ағаштар туралы білімдерін молайту; **Зерттеу жұмысы** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек** Жолды қардан тазалау. Мақсаты: аула қараушыға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту

	өзгерістер пайда болды? ♦Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар? **Еңбек** Ағаштар түбін қармен көму.. Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.. **Қимылды ойындар:** Қар лақтырып ойнау Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.	Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.		көму. Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту **Қимылды ойын** «Ыстық-суық». Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету.	дағдыларын жетілдіру.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету.				
Түскі ас	«Ас-адамның арқауы». Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
Ұйқы	Балалардың ұйқысы.				
Ұйқыдан ояту.	**«Ұйқымызды ашайық».**Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын жылы сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.Су жолдармен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас.	Балалардың назарын тағамға аудару.Асымызды асықпай жейміз.				
Вариативтік бөлім		**Вариативтік бөлім «Қызықты логика әлемі»** **Тақырыбы:**«Зейінді болып қызықты тапсырма орындайық » **Мақсаты.**Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге		**Вариативтік бөлім** «Мен елімді сүйемін» **Тақырыбы:** «Қазақ ханы» **Мақсаты:** Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай ханмен	

